

01 » тамыз 2025 ж.
№ 1395 хатқа қосымша



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптер!

2025 жылдың 10-20 тамыз аралығында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Абай ілімі – Адал азамат айнасы» «Толық адам» іліміне негізделген республикалық челленджіне қатысуға шақырамыз.

Мақсаты:

- Абайдың «Толық адам» ілімін насиҳаттау;
- рухани-адамгершілік, әлеуметтік жауапкершілік, тілдік және шығармашылық құзыреттіліктерді дамыту;
- Үш тілді еркін қолдануға ынталандыру.

Міндеттері:

- Абай мұрасын бүгінгі жас ұрпақтың санасына заманауи форматта жеткізу;
- Жастар арасында ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Қатысушылар: мұғалімдер, оқытушылар, колледж студенттері, ата-аналар қатыса алады. Жеке адам немесе топ болып қатысуға болады.

Челленджге қатысу тілі: мемлекеттік тіл міндетті, қосымша орыс және шет тілдерін (барлық) аралас қолдануға болады.

Жұмыс түрі: Абайдың «Толық адам» іліміндегі ұстанымдарды қазіргі заманмен байланыстыра отырып, шағын көрініс, жеке пікір, көркем оқу, авторлық монолог т.б. түрінде түсіруге болады.

Бейнеролик талаптары:

- Ұзақтығы: 1-3 минут
- Білім беру үйімінде TikTok/ Instagram/ YouTube Shorts парақшаларына жариялау
- Міндетті хэштег: #Абай180

Бейнероликтің құрылымы мен мазмұны:

- I. Кіріспе – 10% (мектеп/оқу орны атаяу, өнірі)
- II. Негізгі бөлімі – 80% (Абайдың «Толық адам» іліміндегі негізгі қасиеттер (адалдық, ашықтық, әділдік) және заманауи адам бейнесі, «Адал азамат» болудың үлгісі мен ұстанымдарын көрсету)
- III. Қорытынды – 10% (өніріге, үйымға жолдау)

Тәртібі мен шарттары

- Абай ілімімен үндестігі
- Үш тілді қолдану шеберлігі
- Шығармашылық көзқарас (музыка, монтаж, визуалды эффект)
- Дауыс мәнері, тіл тазалығы
- Тәрбиелік мәні

Ұйымдастыруышылар:

- Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚК;
- Астана қаласы әкімдігінің «Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназия» ШЖҚ МҚК